

# Бір ғана соққымен үздік нокаутшы атанған Ербол МҰҚАНОВ Әлем чемпионатына жолдама алды

**Спортшымыз Павлодар қаласында өткен Бегендік және Шегендік батырлардың құрметіне арналған Жекпе – жек ұлттық спортынан Қазақстан Республикасының абсолюттік чемпионаты, Әлем чемпионатына іріктеу жарысында жеңімпаз атанды.**

Арқалықта жаттығып, шеберлігі Республиканың үздіктерімен де үстем шығатын санаулы сапарлық спортшымыз болса, соның бірі – Ербол МҰҚАНОВ екеніне ешкім таласпайтын шығар. Спортшымыз бұл жолы да өз өнерімен енді танті етті. Содан болар Ерболдың шаршы алаңда қарсыластарын бір ақ соққымен нокаутқа түсірген видеосы әлеуметтік желілерде жеңдей есіп жүр. Сүйінші хабарды естісімен жерлесімізге қоңырау шалған едік. – Иә, Алланың қалауымен Жекпе – жек ұлттық спортынан 70 келі салмақ дәрежесінде 1 орынға ие болдым. Одан бөлек «Үздік нокаут» номинациясын да иелендім. Жарыстың деңгейі, ұйымдастырылуы өте керемет болды. Мен қуанyштымын. Барша жерлестеріме, тілеулестеріме рахмет. Сіздердің қолдауларыңызды сезіндім,- дейді чемпионның өзі.

Ерболдың жұлдызды сәті енді туып келе жатқандай. Неге десеңіз, спортшымыз енді тек Қостанай облысы немесе Арқалықтың ғана намысын қорғамайды. Дүйім Қазақстанның атынан шетелдерде өнер көрсетуге мүмкіндік алды. Жекпе – жек ұлттық спортынан Қазақстан Республикасының Ұлттық құрамасына қабылданды. Павлодарда өткен Республикалық чемпионаттың нәтижесіне сай спортшымыз Әлем чемпионатында ел намысын қорғамақ. Бірақ, ол жарыс қай жерде қашан болатыны ресми хабарланбапты.

Павлодар қаласында өткен Қазақстан Республикасының абсолюттік чемпионатына еліміздің әр өңірінен 200 –ге тарта спортшы қатысқан. Ақтық сайысқа шыққан спортшыларға «Қ. Р. –ның Спорт шебері» атағы беріліпті. Жарысқа Қостанай облысынан 11 спортшы барса (үшеуі Арқалықтан), соның бесеуі қола жүлде иеленді.

Айта кетейік, Ербол МҰҚАНОВТЫҢ спорт саласында жүргеніне 18 –жыл болған. Спорт әлеміне күрес арқылы келген ол, қоян – қолтық ұрысқа бет бұрып, осы салада біраз жарыстарға қатысып, жеңіс тұғырынан көрініп те жүрді. Қазіргі уақытта Жекпе – жек ұлттық спортынан Арқалықтың жастарын жаттықтырып жүр. Шәкірттері де бүгінде түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып шеберліктерімен танылып келеді. Біз спортшымыздың алдағы уақытта да талай биікті бағындыруына тілектеспіз, әрі сенеміз!

Дәрхан АМАНТАЙҰЛЫ